

**«Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз»
арнайы ұсынысты өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Қағидалар «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» арнайы ұсынысын (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізудің талаптары мен тәртібін айқындайды, оның ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank»).
- 1.2. Акция Банк шығарған төлем карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыруға бағытталған.
- 1.3. Арнайы ұсыныс туралы толық ақпарат Банктің ресми сайтында орналастырылады: <https://bankffn.kz>

2. Терминдер мен анықтамалар

- 2.1. **Арнайы ұсыныс** – «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» ынталандыру іс-шарасы.
- 2.2. **Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы** – «Фридом Банк Қазақстан» Акционерлік қоғамы.
- 2.3. **Арнайы ұсыныстың операторы** – Freedom Advertising Ltd. Жеке компаниясы (мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010016, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 16-үй, 2), бұдан әрі – Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Арнайы ұсыныстың операторы».
- 2.4. **Mastercard Europe SA** – Арнайы ұсыныстың тапсырыс берушісі.
- 2.5. **Карта** – Банк шығарған банктік төлем картасы.
- 2.6. **Қатысушы** – Арнайы ұсынысқа қатысу талаптарына сәйкес келетін Банк клиенті – заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер.
- 2.7. **Транзакция** – Банк картасын пайдалана отырып, тауарлар/қызметтер үшін ақы төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз операция (4.3-тармақта көрсетілген операцияларды қоспағанда).
- 2.8. **ХТЖ** – осы Қағидалардың контекстінде Mastercard халықаралық төлем жүйесі.
- 2.9. **Арнайы ұсынысты өткізу кезеңі** – 2026 жылғы 24 тамыздан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда.
- 2.10. Арнайы ұсыныстың жүлде қоры:
 - 2.10.1. **Арнайы ұсыныстың бас жүлдесі: 2 (екі) жеңімпазға** арналған 2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар, олардың әрқайсысы **1 (бір) еріп жүрушіні** өзімен бірге алуға құқылы.
 - 2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар – сапар 2 (екі) жеңімпаз бен 2 (екі) еріп жүрушіге есептелген, сапардың ұзақтығы жол уақытын қоса алғанда 5 (бес) күнтізбелік күнге дейін.
 - **Сапарға Оператордың есебінен төленетін келесі қызметтер кіреді:**
 - 2027 жылғы UEFA Champions League финалы өтетін қалаға дейін және кері бағытта 4 адамға арналған эконом-класс әуе рейсі;
 - 2027 жылғы UEFA Champions League финалы өтетін қалада 4 адамның 4*/5* қонақүйінде 5 (бес) тәулікке дейін тұруы;
 - UEFA Champions League 2027 финалына сапар және ілеспе бағдарлама аясында жоспарланған өткізу орнындағы трансфер;
 - UEFA Champions League 2027 финалы өтетін қаладағы әуежай-қонақүй-әуежай трансфері,
 - матч болатын стадионға және қонақүйге қайту трансфері.
 - Бағдарлама аясында көзделмеген өзге де көлік шығындарын жеңімпаз және оның еріп жүрушісі өзі қабылдап, өз есебінен дербес ұйымдастырып, төлейді;
 - тамақтану:
 - тұратын қонақүй ұсынатын таңғы ас.
 - Егер белгілі бір тамақтану түрі бағдарламада көзделмесе және Тапсырыс беруші және/немесе Оператор тарапынан бастама көтерілмесе, жеңімпаздар мен олардың еріп жүрушілері өзге тамақтану түрлерін өз бетінше және өз есебінен ұйымдастырып төлейді.
 - визалық қолдау;
 - матчқа билеттер – 4 (төрт) билет.
- Тілдік кедергі туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы мен Оператор жеңімпаз бен еріп жүруші үшін аудармашыны ұсынбайды.

- Сапар қайтаруға, айырбастауға және сатуға жатпайды. Сапар жақын туыстарға немесе өзге тұлғаларға беріле алмайды.
- 5.9-тармақты қоспағанда, 2027 жылғы UEFA Champions League финалына жеңімпаз бен оның еріп жүрушісінің сапарын ұйымдастыру кезінде туындайтын шығындар бойынша міндеттемелерді Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Freedom Advertising Ltd.» жеке компаниясы» Операторы өзіне алады.
- ЖТСБҰТ төлеу міндеттемесі Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Freedom Advertising Ltd.» жеке компаниясы» Операторы тарапынан туындайды.

2.11. Бас жүлденің жеңімпаздары – Арнайы ұсыныс нәтижелері бойынша 2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар алушылар болып танылған Қатысушылар. Жеңімпаздар тек 2 (екі) адам ғана бола алады, олардың әрқайсысы сапарға өздерімен бірге сапар кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған 1 (бір) еріп жүрушіні алуға құқылы.

Бас жүлденің жеңімпазы болып Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтаудың 3 (үш) кезеңінің бірінде қосымша жүлденің иегері атанған Қатысушы танылуы мүмкін.

2.13. Дублер – негізгі жеңімпаз бас жүлдеден немесе қосымша жүлдеден бас тартқан жағдайда резервтегі жеңімпаз ретінде танылған Қатысушы. Бас жүлденің негізгі жеңімпазын алмастыру үшін 6 (алты) дублер анықталады.

2.14. Еріп жүруші – бірге сапар шегу үшін Арнайы ұсыныстың бас жүлдесінің жеңімпазының өзі анықтаған адам. Еріп жүруші адам сапар сәтінде 18 жастан асқан болуы тиіс.

2.15. Транзакция – Банктің Mastercard төлем жүйесі карталарымен кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда тауарларды және/немесе қызметтерді төлеу, Банктің клиенті – Mastercard картасын пайдаланушы жүзеге асырған қолма-қол ақшасыз төлемдер, интернет-банкингтегі (e-com транзакциялар) меншікті қаражат есебінен жасалған төлемдер.

2.16. Қатысу үшін әрекеттерді жасау кезеңі 24.08.26 мен 31.12.26 аралығында (қоса алғанда).

Бас жүлде – **2 (екі) жеңімпазға** арналған 2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар.

3. Арнайы ұсынысқа қатысушылар

3.1. Арнайы ұсынысқа қатыса алады:

- қатысу кезінде 18 жасқа толған, Freedom банкінің Business card Mastercard карталарын ұстаушылар болып табылатын және осы Қағидалардың 2.16-тармағында көрсетілген кезеңде 100 000 (жүз мың) теңгеден басталатын сомаға кемінде 5 (бес) транзакция жасаған, Арнайы ұсынысты өткізу күніне банктік шоттарында шектеулері жоқ (тыйым салынған, операцияларды тоқтата тұру және т.б.) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары.

3.2. Арнайы ұсынысқа қатыспайды:

- Қазақстан Республикасының бейрезидент тұлғалары;
- Арнайы ұсынысты өткізу кезінде 18 жасқа толмаған тұлғалар;
- Арнайы ұсынысты өткізу кезінде басқа төлем жүйелерінің карталарымен (Mastercard емес) транзакциялар жасаған Банк клиенттері;
- Арнайы ұсынысты өткізу кезінде жеке тұлғалардың пайдалануына арналған карталармен (Freedom банкінің Business card Mastercard картасы емес) транзакциялар жасаған Банк клиенттері;
- Осы Қағидалардың 2.16-тармағында көрсетілген кезеңде 5 (бес) транзакциядан аз және 100 000 (жүз мың) теңгеден кем сомаға транзакция жасаған клиенттер;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлері және олардың жақын туыстары, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Holding Corp. басшылығы;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ VIP клиенттері;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талабы қолданылатын тұлғалар;
- Мемлекеттік қызметшілер.

4. Арнайы ұсынысқа қатысу талаптары

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін келесі талаптарды орындау қажет:

- осы Қағидалардың 2.16-тармағында көрсетілген кезең ішінде 100 000 (жүз мың) теңгеден кем емес сомаға және кемінде 5 (бес) транзакция жасау;
- Банктің веб-сайтында Арнайы ұсыныстың осы Қағидаларымен танысу.

4.2. Есепке келесі транзакция түрлері жатады:

- Freedom Bank-тің Mastercard картасы арқылы POS-терминалдарда, QR немесе контактісіз төлемдер (Apple/Google/Garmin/Samsung Pay) арқылы жүргізілген төлемдер;
- төменде көрсетілгендерді қоспағанда, Freedom Bank-тің Mastercard картасымен жүргізілген интернет-төлемдер.

4.3. Арнайы ұсынысқа келесі транзакциялар қатыспайды:

- казиноларда, тотализаторларда және басқа да ойын мекемелеріндегі төлемдер;
- бәс пен ұтыс тігу бойынша төлемдер (соның ішінде ат жарыстары мен басқа да жарыстарға);
- лотерея билеттерін, облигацияларды, ұтыс ойындарына қатысу құқықтарын немесе өзге де көтермелеу құралдарын сатып алу;
- сақтандыру компаниялары мен пай қорларының пайдасына төлемдер («Freedom Finance Insurance» СК АҚ қоспағанда);
- қаржы ұйымдарымен жүргізілген операциялар;
- ломбардтардың пайдасына төлемдер;
- кейіннен қаражат қайтарылған транзакциялар;
- электрондық әмияндарды толтыруға байланысты (әлеуметтік желі сервистері, «Яндекс.Деньги», WebMoney, Platezh.ru және т.б. арқылы);
- қайырымдылық, саяси ұйымдарға, азаматтық қауымдастықтарға мүшелік және басқа да жарналарды төлеу;
- жол чектерін, акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды, сондай-ақ бағалы металдарды сатып алу;
- шетел валютасын сатып алу;
- интернет-ресурстар арқылы телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу;
- шоттар арасындағы аударымдар, қолма-қол ақша алу және осыған ұқсас операциялар.

5. Жүлдені алу тәртібі:

5.1. Банк бас жүлденің жеңімпаздарын жеңімпаздарды анықтау қорытындылары туралы ақпараты бар SMS-хабарлама және/немесе PUSH-хабарлама жіберу және/немесе ұтыс ойыны туралы ақпараты бар Банк бетіне сілтеме жіберу арқылы және/немесе Клиенттердің сауалнамада көрсетілген телефон нөміріне телефон арқылы қоңырау шалу жолымен хабардар етеді – жеңімпаздарға қоңырауды Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын анықтау бойынша тікелей эфир өткізілген сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Банктің байланыс орталығының қызметкерлері жүзеге асырады.

5.2. Бас жүлдені алу үшін Жеңімпаздар мыналарды орындауы тиіс:

- 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде Келісім өтінішіне қол қою үшін Банкке келу;
- жеке куәліктің көшірмесін ұсыну;
- Банк осы Қағидаларда көрсеткен өзге де талаптарды сақтау.

5.3. Кез келген Жеңімпазбен 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарласу мүмкін болмаған жағдайда, жүлде басқа дублер-Қатысушыға берілуі мүмкін.

5.4. Бас жүлденің жеңімпаздары жүлдені өздерінің жақын туыстары мен өзге де тұлғаларға беруге құқылы емес.

5.5. Бас жүлденің жеңімпаздары қаржылық пайда табу мақсатында оларды айырбастауға және үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

5.6. Құжаттарды жинау кезінде бас жүлденің жеңімпаздарына виза ресімдеуден бас тартылған жағдайда, жүлде (2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар) тікелей эфирде анықталатын бірінші дублерге автоматты түрде өтеді. Бірінші дублер ала алмаған жағдайда, Банк ұтысты екінші дублерге беру құқығын өзіне қалдырады.

5.7. Құжаттарды жинау кезінде еріп жүрушіге виза ресімдеуден бас тартылған жағдайда, егер виза ресімдеу мерзімі мүмкіндік берсе, жеңімпаз басқа еріп жүрушіні таңдауға құқылы. Немесе жеңімпаз басқа еріп жүрушіні таңдамай, сапарға өзі ғана баруға құқылы – бұл жағдайда Оператор еріп жүруші пайдаланбаған сапар құнын ешқандай жағдайда өтемейді.

5.8. Виза алу үшін құжаттарды тапсыру Алматы немесе Астана қалаларындағы тиісті визалық орталықтарда жүзеге асырылады. Жеңімпаздар мен олардың еріп жүрушілерінің жеке қатысуы міндетті болып табылады.

5.9. Сапардың барлық қатысушылары (бас жүлденің жеңімпаздары мен олардың еріп жүрушілері) 2027 жылғы UEFA Champions League финалы өтетін қалаға бір жерден – Алматы қаласынан жіберіледі.

5.10. 2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапарға тікелей кірмейтін шығындарды жеңімпаз тарап өтейді. Оның ішінде:

- визаға құжаттарды тапсыру кезіндегі жол жүру және/немесе тұру (Астана қ. немесе Алматы қ.);
- сапарға аттанатын орынға дейінгі жол жүру және ұшып шыққанға дейін тұру (Алматы қ.).

Жүлде	Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі	Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтау күні	Жүлделер, жүлделер саны, жеңімпаздар саны (дублер саны)	
Бас жүлде	24.08.26-31.12.26	22.01.2027	UEFA Champions League 2027 финалына сапар: Банк анықтаған 2 (екі) жеңімпаз және жеңімпаздар анықтаған 2 (екі) еріп жүруші.	2 жеңімпаз (6 дублер)

6. Өзге ережелер

6.1. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялай отырып, Арнайы ұсыныстың осы Қағидаларына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6.2. Арнайы ұсынысқа қатысу осы Қағидаларымен толық келісетіндігін білдіреді.

6.3. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

6.4. Банк еңсерілмейтін күш мән-жайлары орын алған жағдайда, кез келген уақытта осы Арнайы ұсыныстың күшін жоюға немесе шарттарды біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

«Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (форс-мажор) — бұл стихиялық апаттар, әскери іс-қимылдар, ірі авариялар және т.б. сияқты осы жағдайларда төтенше және алдын алу мүмкін емес оқиғалар.»

7. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі

7.1. Арнайы ұсыныс қорытындысы бойынша бас жүлденің Жеңімпаздарын анықтау үшін Банк осы Қағидалардың 3-бөлімінде көрсетілген Арнайы ұсыныс талаптарына сәйкес келетін және осы Ережелердің 2.16-тармағында көрсетілген мерзімдерде Арнайы ұсыныстың талаптарын орындаған Барлық Қатысушылардың тізімін жасайды. Бас жүлденің жеңімпаздары тиісті мерзімдерде кездейсоқ (рандомды) түрде жеңімпазды анықтау арқылы кездейсоқ тандау тәсілімен Банкпен анықталады:

Жүлде түрі	Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі	Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтау күні
Бас жүлде	24.08.26-31.12.26	22.01.2027

Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын анықтау бойынша тікелей эфир әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Банктің интернет желісіндегі ресурстарында көрсетілуі мүмкін.

7.2. Клиент бірнеше карта бойынша транзакциялар жасаған кезде, ол арнайы ұсынысқа қатысу үшін бір Клиент ретінде анықталады.

7.3. Жеңімпаздарды тандаудың ашықтығын бақылау үшін Банк өкілдері қатарынан 3 (үш) адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің функцияларына мыналар кіреді:

- жеңімпазды анықтаудың адалдығы мен ашықтығын бақылау;
- жеңімпаздар тізімін растау (бас жүлде: 1 жеңімпаз және 3 дублер)

7.4. Жеңімпаздар комиссияның қатысуымен кездейсоқ сандар генераторы арқылы әрбір қатысушыға берілетін бірегей сәйкестендіргіш (реттік нөмір) бойынша анықталады.

Бас жүлденің жеңімпаздарын анықтаумен қатар, негізгі жеңімпаздар сияқты тәсілмен анықталатын 6 (алты) дублер де айқындалады. Дублерлер тізімі негізгі жеңімпаздар одан әрі қатысудан / Келісім өтінішіне қол қоюдан бас тартқан, Ұйымдастырушы белгіленген мерзімде – 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде негізгі жеңімпаздармен байланыса алмаған жағдайда немесе жеңімпаздарға бас жүлдені алу үшін виза беруден бас тартылған жағдайда алмастыру үшін анықталады. Осы жағдайда негізгі жеңімпаздарды Банк тиісті дублерлер тізімінен шыққан дублермен алмастырады.

7.5. Бас жүлде жеңімпаздарын анықтау қорытындылары Ұйымдастырушы қалыптастыратын және Банктің уәкілетті өкілі бұрыштама қоятын хаттамамен ресімделеді.

7.6. Арнайы ұсыныстың қорытындылары Банктің ресурстарында (www.bankffin.kz және/немесе Банктің әлеуметтік желілерінде) жарияланады.

7.7. Бас жүлде жеңімпаздарын анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және ешқандай жағдайда қайта қарауға жатпайды.

7.8. Арнайы ұсыныстың жеңімпаздары қатысу талаптарына сәйкестігіне қосымша тексеруге жатады, оның ішінде:

- Business card Mastercard белсенді картасының болуы;
- банктік шоттарда шектеулер мен тыйымдардың болмауы;
- осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген талаптарды сақтау.

7.9. Қандай да бір Жеңімпаздың Арнайы ұсыныс талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, жүлде тікелей эфирде жеңімпазды анықтау барысында сол тәсілмен таңдалған келесі резервтегі Қатысушыға – Дублерге өтеді.

7.10. Бас жүлдені алған Жеңімпаз (2027 жылғы UEFA Champions League финалына сапар) сапардан әлеуметтік желілерде Freedom Bank белгісімен кемінде 10 (он) фото және/немесе кемінде 5 (бес) видео ұсынуға және тиісті өңдеу үшін және Банктің әлеуметтік желілерінде әрі қарай орналастыру үшін бастапқы материалдарды Ұйымдастырушыға жіберуге міндеттенеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
Карталары бойынша арнайы
Ұсынысқа қатысу талаптарына
1-қосымша

**Банк құпиясын, дербес деректерді ашуға
және ақпаратты БАҚ-та орналастыруға келісім-өтініш (нысан)**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

Кімнен: _____

Осы арқылы мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) клиенттері арасындағы Банктің қолданыстағы Арнайы ұсынысына байланысты, Банктің «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысын ақпараттық және жарнамалық тұрғыдан жария ету мақсатында («Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, бірақ олармен шектелмей) менің Банк клиенті екендігім туралы, Арнайы ұсынысқа қатысып, жеңімпаз атанғаным туралы мәліметтерді және өзге де дербес деректерімді таратуға өзімнің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімімді беремін.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөні, ЖСН

20__ ж. « ____ » _____

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
Карталары бойынша арнайы
Ұсынысқа қатысу талаптарына
2-қосымша

**Бейнені жариялауға және пайдалануға
КЕЛІСІМ (нысан)**

Алматы қ.

202__ж. «__»__

Мен, _____
(Тегі, Аты, Әкесінің аты)

ЖСН _____

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 145-бабына сәйкес, мен «Фридом Банк Қазақстан» АҚ БСН 090 740 019 001 **маған сыйақы төлеусіз**, келесі мақсаттарда менің жеке бейнемді (соның ішінде әлеуметтік желілердегі аватарларды), сондай-ақ «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысына қатысу шеңберінде жасалған және/немесе жасалатын сауалнамалардың, сұхбаттардың және өзге де материалдардың нәтижелерін жариялауға (оның ішінде жарияланымдар, көпшілік алдында көрсету немесе Интернет желісінде орналастыруды қоса алғанда, кез келген басқа тәсілмен) және одан әрі пайдалануға келісімді білдіремін:

- «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысының барысы, нәтижелері мен жаңалықтары туралы жариялау және хабардар ету;

- «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысына қатысу процесі мен қорытындылары туралы бейнематериалдар дайындау.

Осы келісімді мен қол қойған күннен бастап және «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысын өткізу аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл өткенге дейінгі мерзімге беремін.

Менің бейнелерімді кейіннен кез келген пайдалану «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-да қандай да бір қарсы міндеттемелердің, оның ішінде пайдалану туралы есептерді ұсыну жөніндегі міндеттемелердің немесе қандай да бір сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайтынымен келісемін.

Бейнелер менің ар-намысымды, қадір-қасиетімді және іскерлік беделімді түсіретін тәсілдермен пайдаланылуы мүмкін емес.

қолы, тегі, аты-жөні, ЖСН

20__ж. «__»__

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ
Карталары бойынша арнайы
Ұсынысқа қатысу талаптарына
3-қосымша

Бас тарту туралы өтініш (нысан)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____ мырзадан (-ханымнан)

ӨТІНІШ

Мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша «Фридом Банк Қазақстан» АҚ өткізген «Freedom ұсынған Mastercard бизнес-картасы арқылы тарихтың бір бөлігі болыңыз» Арнайы ұсынысы шеңберінде жеңімпаз бола отырып, осы арқылы 2027 жылғы UEFA Champions League финалына барудан бас тартатынымды растаймын. Ұйымдастырушы — «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)
_____ қолы, тегі, аты-жөні, ЖСН

20__ ж. «____» _____